



ГҮЛ КӨМКЕРГЕН  
ЕЛОРДА

7-БЕТ | ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН



8-БЕТ | ТҰЛҒА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазір бәріміз өте күрделі кезеңді бастан кешіп жатырмыз. Бұл – жалпыұлттық апат. Дегенмен, бір жағынан алып қарасақ, оң өзгерістер де анық байқалады. Судың беті қайтып келеді. Жақын арадағы 10 күнде өте қауіпті болады деп ойлаймын. Бірақ біз еліміз бойынша апат салдарын жою шараларын қабылдап жатырмыз. Бұған дейін айтқанымдай, Үкімет зардап шеккен азаматтардың барлығына қолдау көрсетеді. Біз су тасқыны салдарынан болған барлық шығынды өтейміз. Әрбір азамат, әрбір отбасы мемлекеттің қамқорлығында болады. Бұл – мен үшін басты міндет.

№46  
(4634)  
Бейсенбі  
18 сәуір  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Бүгін кешке damubala.kz порталында Астанадағы балаларға арналған спорт секцияларына орындар бөлініп, ваучерлер беріледі.

Мемлекеттік спорт тапсырысын іске асыру шеңберінде Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы 2024 жылдың 18 сәуірінде сағат 18:00-де damubala.kz порталында қалыптасқан кезекке сәйкес автоматты режимде орындарды бөлуді және ваучерлер беруді жүргізеді.



Астана қаласының әкімдігі ауа температурасы 5 күн бойы 10 градус жылы болған кезде жылу беру өшірілетінін хабарлады.

«Жылуды өшіру үшін ауаның орташа тәуліктік температурасы +10°C болуы керек, жылыту маусымына дайындық және оны өткізу ережелеріне сәйкес 5 күн бойы сақталуы тиіс» делінген хабарламада.

Жылыту маусымы ресми аяқталғанға дейін өндіріс нысандары мен заңды тұлғалардың ғимараттары тұтынушының өтініші бойынша өшірілуі мүмкін. Көпқабатты тұрғын үйлер, жоғарыда аталған ережелерге сәйкес, жылу беру маусымы аяқталғаннан кейін өшіріледі. Денсаулық сақтау және білім беру нысандары жазбаша өтініші бойынша жылу беру маусымын ұзарта алады.

## ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарына барды. Су басқан аумақтарды тікұшақпен аралап көрді. Жергілікті халықпен кездесіп, зардап шеккен ешбір азамат назардан тыс қалмайтынын айтты. Сондай-ақ қиын жағдайға байланысты көмек көрсетіп жүрген азаматтарға ризашылығын білдірді.

2

### ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖАЛҒАСУДА

Елімізде су тасқыны басталғалы зардап шеккен өңірлерге Астана қаласынан 1 мың тоннаға жуық гуманитарлық көмек жіберілді. Кезекті көмекті астаналық спортшылар қауымы жинап, Қостанай облысына жіберді. Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қолдауымен 8 тонна гуманитарлық көмек жиналғанын мәлім етті.



4

### «КИЕЛІ МЕКЕН» ТАЗАЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Бас қалада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология акциясы аясында тарихи-мәдени ескерткіштер мен ғимараттар аумағын тазалау, абаттандыру қызу қарқынмен жүруде.

«Киелі мекен» атауымен басталған осы аптадағы іс-шараны белсенді тұрғындар, мәдениет қайраткерлері, спортшылар, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, еріктілер, оқушылар мен студенттер,

«Жас сарбаз» патриоттық қозғалысының мүшелері, мәслихат депутаттары, Ауған соғысының ардагерлері, мемлекеттік мекемелер қызметкерлері және басқалар қолдады.

4

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 476.78 \$ USD/KZT 447.89 ₸ RUB/KZT 4.81 ¥ CNY/KZT 61.89

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



Төлен ТІЛЕУБАЙ

ТІКҮШАҚПЕН  
АРАЛАП КӨРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары Қызылжар ауданын, Петропавл қаласының төңірегін және Сергеевка су қоймасын тікұшақпен аралап көруден басталды. Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Мемлекет басшысына Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар, Есіл, Шал ақын аудандары мен Петропавл қаласындағы су тасқыны жағдайын баяндады. Өңір әкімінің айтуынша, алты ауданда төтенше жағдай жарияланған. Қазіргі таңда 2 мыңнан астам тұрғын үйді су басқан, 10345 адам эвакуацияланған. Су тасқынына қарсы шараларға 5270 адам және 906 техника жұмылдырылған. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті инфрақұрылымдарды қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Табиғи апаттан зардап шеккен азаматтардың материалдық шығындарын есептеу және өтеу жөнінде комиссия құрылған.

ТҮРҒЫНДАРМЕН  
ЖҮЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысының су басқан аумағын тікұшақпен аралап көргеннен кейін қарғын су салдарынан эвакуацияланған аудандардың халқымен кездесті. Тұрғындармен әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев шығындарды өтеу үшін мемлекет барлық тиісті шараны қабылдайтынын айтты. Қазіргі уақытта су тасқынынан зардап шеккен барлық тұрғынға бірреттік көмек беріліп жатыр және комиссия мүлік шығындарын есептегеннен кейін өтемақы азаматтарға жаңа баспана салынады және барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар зардап шеккен тұрғындардың несиелері мен займдарын төлеу мерзімі шегеріледі.

Мемлекет басшысы ешбір азамат назардан тыс қалмайтынын атап өтті.

«Қазір бәріміз өте күрделі кезеңді бастан кешіп жатырмыз. Бұл – жалпыұлттық апат. Дегенмен, бір жағынан алып қарасақ, оң өзгерістер де анық байқалады. Судың беті қайтып келеді. Жақын арадағы 10 күнде өте қауіпті болады деп ойлаймын. Бірақ біз еліміз бойынша апат салдарын жою шараларын қабылдап жатырмыз. Бұған дейін айтқанымдай, Үкімет зардап шеккен азаматтардың барлығына қолдау көрсетеді. Біз су тасқыны салдарынан болған барлық шығынды өтейміз. Әрбір азамат, әрбір отбасы мемлекеттің қамқорлығында болады. Бұл – мен үшін басты міндет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің бірқатар өңіріндегі су тасқынына байланысты қалыптасқан күрделі жағдайды ескере отырып, сондай-ақ бюджет қаржысын үнемдеу мақсатында Үкіметке, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға имидждік және басқа да ірі іс-шараларды өткізбеу жөнінде тапсырма берді.

«Мен бюджет қаржысын үнемдеу мақсатында ірі халықаралық форумды өткізуден бас тарттым. Сонымен қатар Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына жұмсалатын шығынды қысқартамыз. Әрине, қазір бұл шарадан түпкілікті бас тарту мүмкін емес. Бірақ оған жұмсалатын қаржы көлемі айтарлықтай азаяды.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

## ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Бұдан бөлек, еліміздің Токиода өтетін Дүниежүзілік көрмеге қатысуына бөлінген бюджет те қысқарады» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев барлық мемлекеттік органға су тасқыны салдарынан сабақ алу керек екенін айтты.

«Бізде мұндай апаттарды алдын ала ескерту жүйесі жетіспейді. Қажетті мамандар да тапшы. Қазір гидротехник кадрларды даярлау туралы шұғыл шешім қабылданды» деді Мемлекет басшысы.

ПЕТРОПАВЛ  
СУ ТОРАБЫНА БАРДЫ

Президент Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары кезінде Петропавл су торабының жұмысымен танысты. Іргетасы 1973 жылы қаланған нысан Сергеевка және Петропавл су қоймаларының белгіленген режимде толтырылып, іске қосылуын қамтамасыз ету арқылы Есіл өзенінің ағысын реттейді. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетовтің айтуынша, өңірдегі су тасқынына Есіл өзені мұзының еруі және Ақмола облысынан ағын судың келуі себеп болған. Әсіресе, биылғы сең жүру кезеңінде мұздардың кептелісі салдарынан су деңгейі күрт көтеріліп, сел жүрді. Бұл инфрақұрылымның істен шығуына және Есіл өзенін жағалай орналасқан елді мекендерді су басуына өкпе соқтырды. Сондай-ақ ол су тасқынына қарсы іс-шараларға 2500 ерікті белсенді қатысып жатқанын атап өтті. Аймаққа 300 тонна гуманитарлық көмек келді.

Мемлекет басшысына «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы Ержан Ыбыраев Солтүстік Қазақстан облысындағы төтенше жағдайдың зардаптарын жою үшін қорғаныс ведомствосының 700 әскери қызметшісі мен 33 техникасы жұмылдырылғанын баяндады. Оның айтуынша, әскерилердің негізгі күші қаптарды құммен толтыру, бөгеттер салу, Петропавл қаласының маңындағы аудандар мен Қызылжар

ауданының елді мекендеріне жақын маңдағы жағалауларды нығайту жұмыстарына бағытталған. Су тасқынына қарсы күрес шаралары басталғаннан бері әскерлер жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, бөгеттер салу, оларды нығайту жұмыстарын атқарған. Бұл бөгеттердің жалпы ұзындығы 15 шақырымнан асады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қалыптасқан жағдайды нақты уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік беретін жылжымалы басқару пункті жабдықталғаны жөнінде мәлімет берілді. Ол үшін әр 2,5 сағат сайын жергілікті жердің 2D форматты картасы арқылы ақпарат беруге қабілетті ұшқышсыз басқарылатын барлаушы ұшу аппараты пайдаланылады. Сондай-ақ тәулік бойы ұша алатын әрі су тасқынына қатысты жағдайдың өзгеруіне мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін термовизиялық камерасы бар дрон қолданылады.

«ҚазСуШар» РМК Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының директоры Шұғайып Ибатуллин Президентке Сергеевка су қоймасы 2022 жылы көпфакторлы тексерістен өткенін және оның техникалық жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланғанын мәлімдеді. Бүгінде өңірдегі екі су қоймасы да штаттық кестеге сай жұмыс істеп тұр.

АПАТПЕН КҮРЕСКЕНДЕРГЕ  
АЛҒЫС АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жасаған жұмыс сапары аясында су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға көмектесіп жатқан құтқарушылармен, еріктілермен және кәсіпкерлермен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдай кезінде өңір тұрғындарының жоғары деңгейде ұйымшылдық танытқанын атап өтіп, табиғат апатымен күресіп жүрген барлық азаматқа алғыс айтты. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы төраға-

сының қоғамдық орынбасары Елена Семидоцких Президентке облыстағы әр ауданда гуманитарлық көмек қабылдайтын пункттер ашылғаны жөнінде мәлімет берді. «Birgemiz» волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Анастасия Волкова еріктілердің жедел әрекет ету штабы құрылғаны туралы айтты. Штаб 2500-ден астам волонтерді үйретеді және олардың жұмысын үйлестіреді. «Севказэнерго» акционерлік қоғамының бас директоры Анатолий Казановский аталған кәсіпорынның акционерлері 100 миллион теңге бөлгенін, трансформаторлар орнату және электр желілерін тарту жұмыстарын жүргізгенін айтты. «Қызылжар жолдары» ЖШС директоры Асхат Жолдаспаев компанияның су тасқынына қарсы шараларға белсенді атсалысып жатқанын жеткізді. Осы ретте аталған мекеме бөгеттер салу және нығайту үшін арнаулы техникалар мен қажетті құрал-жабдықтар бөліп отыр.

ҚОСТАНАЙДАҒЫ АХУАЛ  
ТҮРАҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

Солтүстік Қазақстан облысынан кейін Президент борты Қостанай облысына ұшып келді. Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі қазіргі ахуалмен танысу үшін тікұшақпен су басқан аумақтарды аралап көрді. Облыс әкімі Құмар Ақсақалов су тасқынына байланысты өңірдегі алты аймақта төтенше жағдай жарияланғанын айтты. Облыстағы 492 ауылдың 11-і су тасқынынан зардап шекті. Қазіргі кезде жағдай тұрақталды. Алайда әлі де 51 үй су астында қалып отыр. Бұдан бөлек, 4 көпірді, 7 жол учаскесін су шайып кеткен, 1414 электр бағананы ұрқан келді. Нәтижесінде Қостанай мен облыстың оңтүстігіндегі аудандар арасында көлік қатынасы қиындап, 13 елді мекенді электрмен қамтамасыз ету мәселесінде түйткілдер пайда болды.

Сонымен қатар Президентке облыстың негізгі гидротехникалық нысандарының, атап айтқанда Қаратомар, Жоғарғы Тобыл және Желқуар су қоймаларының жай-күйі жөнінде мәлімет берілді. Құмар Ақсақалов елді мекендер мен инфрақұрылымдарға төнетін қауіптің алдын алу үшін су қоймаларынан жіберілетін су мөлшері ұдайы бақылауда ұсталатынын айтты.

ЖАЛПЫ, ӨНІРДЕГІ ДАМБАЛАРДЫ  
БЕКІТУ, ИНЕРТТІ МАТЕРИАЛДАРДЫ  
ТОГУ НӘТИЖЕСІНДЕ ТОБЫЛ ҚАЛАСЫН,  
АМАНГЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ  
ОРТАЛЫҒЫН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЕЛДІ  
МЕКЕНДЕРДІ СУ БАСУ ҚАУПІНЕН  
САҚТАП ҚАЛУ МҮМКІН БОЛҒАН.

Президент Тобыл қаласында орналасқан жедел штабта су тасқынынан зардап шеккен Қостанай ауданына қарасты ауылдардың тұрғындарымен кездесті. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық белсенділік танытқан және апатқа бей-жай қарамай жанашырлық білдірген барша жұртшылыққа алғыс айтып, халықтың бірлігі осындай қиын кезеңде айқын көрінетінін атап өтті.

«Мен сіздермен жүздесу үшін арнайы келдім. Жағдайдың күрделі екенін түсінемін. Мемлекеттің барлық ресурсы осы мәселені шешуге бағытталып жатыр. Президент ретіндегі менің басты міндетім – су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға барынша көмек көрсету» деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттің қаржысын қатаң үнемдеу режимі енгізілгенін, қаражат зардап шеккен халыққа бөлінетінін жеткізді. Мемлекет басшысы барлық зардап шеккен тұрғындарға қажетті көмек көрсетілетінін айтты.

«Өтемақы – басты мәселе. Шығын өтеледі. Сонымен қатар тұрғын үйі жарамсыз азаматтарға жаңа баспана салынады және жөндеуге жарамды үйлер

қайта қалпына келтіріледі. Оған қажетті барлық қаражат бөлінеді. Кім пәтерге көшкісі келсе, біз пәтер сатып алып береміз. Кім өз қонысында қалғысы келеді, оларға типтік үлгідегі үйлер саламыз. Дегенмен қауіпті жерлерде қалуға мүлде болмайды. Мұндай үйлердің жобасы бар. Бұл үйлер қысқа дейін толықтай салынады. Мен Үкіметке алдағы жаз мезгілінде, сондай-ақ күзде барлық құрылыс жұмыстарын бітіру және апат салдарын толық жою жөнінде міндет жүктедім» деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы су тасқынының салдарын еңсеру үшін әр аймаққа елдің ірі кәсіпкерлері бекітілетінін атап өтті. Өз кезегінде тұрғындар су тасқынының зардаптарын жоюға жедел көмек көрсетіліп, құтқару жұмыстарының уақытылы жүргізілгені үшін алғыстарын білдірді. Олардың айтуынша, бұл апат халықтың бірлігін айқын көрсетті. Табиғат апатының алғашқы күндерінен бастап еріктілер, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдары мен Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметкерлері, жалпы жанашыр адамдардың барлығы жан-жақты көмек көрсетуге ұмтылған.

Президент қазақ даласының символы саналатын ақбөкендердің көбеюіне тосқауыл қоютын шешімнің күшін жойып, оған тыйым салынатынын мәлімдеді. Кездесу соңында Мемлекет басшысы келесі жылы Алаш ардақтысы Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына арналған іс-шараға қатысу үшін Арқалық қаласына баруды жоспарлап отырғанын жеткізді.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ  
ЖАУАПКЕРШІЛІК  
ЖҮКТЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары барысында су тасқыны салдарын еңсеруге жәрдемдескен бизнес өкілдерімен және еріктілермен жүздесті. Кездесуге өңірдегі машина жасау, тау-кен, тамақ және ауыл шаруашылығы өнеркәсібі салаларының жетекшілері, Қазақстан халқы Ассамблеясының жергілікті өкілдері, облыстық жастар ресурстық орталығының еріктілері және студенттер қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта бизнеске қолдау көрсету басты міндет екенін атап өтті.

«Осы кездесуге біраз меценат қатысып отыр. Мен сіздерге ризашылығымды білдіремін. Бұл – сіздердің жүрек қалауларыңыз, азаматтық жауапкершіліктеріңіздің көрінісі. Мұның бәрін марапат үшін емес, шынайы ниетпен жасалған игі іс деп білемін» деді Президент.

Мемлекет басшысы су тасқынынан зардап шеккен халыққа нақты көмек көрсету ісінде бизнесмендердің рөлі зор екеніне айрықша назар аударды.

«Біздің елімізде Forbes тізіміне кіретін ірі кәсіпкерлер бар. Олармен арнайы кездесеміз. Олар әр облысқа, ауданға, елді мекенге бекітіледі және нақты жауапкершілік жүктеледі. Бұл бір жағынан кәсіпкерлердің мүддесіне сай келеді. Өйткені олар өздерінің қосқан үлесінің нақты нәтижесін көретін болады. Халқына қайырымдылық жасаған азамат ретінде сіздердің де есімдеріңіз мемлекет тарапынан елеусіз қалмайды деп ойлаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент еріктілерге зор құрметпен қарайтынын және жан-жақты қолдау көрсететінін атап өтіп, оларға ризашылық білдірді.





## ТАСҚЫНДЫ БОЛЖАЙТЫН ҚҰРАЛДАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Үкімет басшысы Олжас Бектенов отандық тауар өндірушілерді қолдау және су тасқыны жағдайын болжауға арналған цифрлық құралдармен танысты. Атап айтқанда, әзірленген жүйелер әрбір өндірістік кәсіпорынның жұмысын қадағалауға, мемлекеттік органдар тарапынан олардың мүддесіне нұқсан келтіру фактілерін онлайн режимінде анықтауға мүмкіндік береді. Мақсат – ел нарығындағы импорт үлесін төмендету үшін отандық өнімнің дамуына қосымша серпін беру.

Қазақстанның бірқатар өңіріндегі су тасқыны жағдайын ескере отырып, су тасқынын модельдеу және су қоймаларының деңгейін болжау жүйесінің прототипі қаралды. Тәжірибелік үлгіні әзірлеу аясында дренажды модельдеу және есептеу алгоритмдері жасалды, бірнеше өзен учаскелерінде пилоттық сынақтар жүргізілді. Цифрлық құрал реттелетін және реттелмейтін дренажды есептеуге, сондай-ақ берілген су деңгейіндегі су тасқыны аймағын картада көрсетуге мүмкіндік береді.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов ұсынған цифрлық шешім-

дерді сараптамалық талқылау қорытындысына сәйкес жобаларды мақұлдап, пилоттық режимде енгізу шараларын бастауды тапсырды. Премьер-министр су тасқынынан келтірілген залалды өтеуге өтінімдер қабылдау қызметін қысқа мерзімде іске қосуды, сондай-ақ қолда бар бейнебақылау камералары арқылы онлайн режимде су тасқынына қарсы іс-шаралардың орындалуын есепке алу және бақылау жүргізуді тапсырды.

«Мемлекет басшысы өз Жолдауында Қазақстанды IT-елге айналдыру үшін стратегиялық маңызды міндет қойды. Дұрыс басқарушылық шешімдерді

қабылдау үшін сапалы жедел ақпаратқа қол жеткізіп, жаңа технологияларды қолдану керек. Ұсынылып отырған тәсілдерді экономиканың басқа салалары бойынша кеңейту қажет. Барлық құралдар мен мәліметтер қолжетімді. Деректер алмасуды және жүйелерді интеграциялауды дұрыс жолға қою керек» деп атап өтті Олжас Бектенов. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинге деректердің уақытылы жаңартылуын және цифрлық құралдарды өмірдің барлық салаларына жедел енгізуді қамтамасыз ету тапсырылды.

## ЕРІКТІЛЕР ҚОЛ ҰШЫН СОЗДЫ

«Жастар рухы» жастар қанатының еріктілері табиғи апатпен күрес шараларына қол ұшын созуды жалғастыруда. Елордалық рухтатар Аршалы ауданы Жібек жолы ауылындағы тасқын судың алдын алып, бөгеттер құру жұмысына жұмылдырылды. Олар үш күн бойы қарғын сумен күресті.

Батысқазақстандық еріктілер де зардап шеккен тұрғындарды орналастыруға эвакуация пункттерінде орындар дайындап, суға кету қаупі бар аумақта алдын алу жұмысын жүргізіп жатыр. Құм қапшықтарын орналастырып,

бар көмегін аямауда. Сондай-ақ «Asarume» қорының қолдауымен тұрғындарға қажетті заттармен қатар, арнайы техника, мотопомпа, моторлар да келіп жетті. Волонтерлер гуманитарлық көмекті түсіру, сұрыптау, үлестіру жұмыс-

тарына атсалысуда. Ақмола облысында жастар қанатының 500-ге жуық волонтері табиғи апатпен күрес іс-шараларына өз үлесін қосуда. Олар жиналған гуманитарлық көмекті зардап шеккен тұрғындарға үлестіруде.



## КҮРЕС ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ

Ел Үкіметі су тасқынымен күрес қарқынын арттыра түсуде. Үкімет Қазақстанның батыс және солтүстік өңірлеріндегі ауқымды су тасқынын болдырмау және оның салдарын жою үшін қажетті күштер мен құралдарды жұмылдырды.

Бүгінгі таңда апатты-құтқару жұмыстарына Төтенше жағдайлар министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, әкімдіктер мен ұйымдардан тәулік бойы 34 мыңнан астам адам, 4 мыңнан астам техника, 890 сорғы және 335 жүзу құралы, 19 әуе кемесі тартылды.

Су тасқыны басталғалы бері Батыс Қазақстан, Атырау,

Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарына Ақмола, Алматы, Қарағанды, Павлодар, Түркістан және басқа облыстардан 1 мыңнан астам арнайы техника мен жеке құрам жіберілді. Бүгінде зардап шеккен өңірлерге қосымша 500-ден астам арнайы техника жолға шықты. Олар 2 тәулік ішінде жетуге тиіс.

Жергілікті жерлерде өзендер мен су айдындарының жанында

орналасқан елді мекендерді қызыл судан қорғау бойынша қажетті жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. Қорғаныс құрылыстары мен бөгеттер салынып, еріген қар суын шығару қолға алынып, инертті материал толған қапшықтар төселуде. Аэровизуалды тексеру мен дрондардың көмегімен өзендердегі және су қоймаларындағы жағдайға тәулік бойы мониторинг жүргізілуде.



## ҚОРҒАУ ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ

Вице-премьер, Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқынының салдарын жою жөніндегі республикалық штаб жетекшісінің орынбасары Қанат Бозымбаев Оралдағы су тасқынының белсенді кезеңіне дайындық барысын тексеріп, өзен жағалаулары мен қорғаныс бөгеттерін нығайтуды тапсырды.

Оралдағы Жайық өзенінің су деңгейі сағат 12:00-де 7,58 метр болды. Сарапшылар су тасқынының шарықтау шегі 20-21 сәуірде болады деп болжап отыр. Жайық өзенінің қала тұсымен өтетін бойы 28 шақырым, оның 21 шақырымына біліктер мен бөгеттерді нығайту және салу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бұл жұмыстарға 1300 ерікті мен 800-ге жуық әскери қызметкер, 300-ден астам арнайы техника тартылған.

Вице-премьер жер біліктерінің деңгейін 12 метрге дейін көтеруді тапсырды (қазір қала бойынша қауіпті меже – 8,5). Сондай-ақ Оралды Шаған өзенінің жайылмасы жағынан қорғау туралы шешім

қабылданды. Су басу қаупі жоғары аумақтар – қаланың саяжай массивтері, Бөрлі, Теректі, Ақжайық және Бәйтерек аудандарындағы елді мекендер. Өзен алабы бойындағы бау-бақша серіктестіктерінің тұрғындары эвакуацияланды. Оралда 18 жедел-эвакуация пункті ашылды. Мұнда 1690 адам орналасқан.



## АСТАНАДАН АҚ ЖАЙЫҚҚА КӨМЕК ЖІБЕРІЛДІ

Аманат партиясы Астана қалалық филиалынан Батыс Қазақстан облысына кезекті гуманитарлық көмек жөнелтілді. Жалпы 2 сәуірден бастап партияластардың қолдауымен 20 тоннадан астам гуманитарлық көмек жиналды. Бұл туралы партияның Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек БАҚ-қа берген сұхбатында әңгімелеп берді.

«Гуманитарлық көмекті жинаған кезде біз зардап шеккен өңірден қандай заттар қажет екенін алдын ала сұрап алдық. Соған байланысты тұрмыстық төсеніш заттарынан бастап шаруашылыққа қажетті күрекке

дейін барлық керек-жарақты жинадық. Гуманитарлық көмек қалай жиналады, бірден солай жөнелтіп отырмыз» деді ол.

Бұған дейін партияның елордалық филиалы қала әкімдігімен, мәслихат депу-

таттарымен, бастауыш партия ұйымдарымен, шағын, орта және ірі кәсіп өкілдерімен бірлесіп, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарына 100 тоннадан астам гуманитарлық көмек жібергені мәлім.



№46 (4634) 18/04/2024 Бейсенбі

## ЕСКЕРТКІШТЕР АУМАҒЫ ТАЗАЛАНДЫ

Елордада «Таза Қазақстан» акциясының «Киелі мекен» апталығы аясында ескерткіштер мен тарихи ғимараттарды және аумағын тазалау жұмыстары жүргізілді.



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Академик Қаныш Сәтбаевтың биік тұғыры Астанаға сән беріп тұр. «Менің халқым менен де биік» деген сөз маңдайшасына жазылған ескерткіш маңына мәслихат депутаттары, мемлекеттік қызметшілер, мәдени мекеме мамандары, жас сарбаздар және волонтерлер жиналды. Мақсат – ескерткіш аумағында тазалау жұмыстарын жүргізу.

Мәдениет басқармасы ұйымдастыру бөлімінің басшысы Салтанат Мұқсимова сөзінше, 15-21 сәуір аралығында «Киелі мекен» апталығы аясында тарихи орындарды тазалау және жинау жұмыстары жүргізіледі. Қ.Сәтбаев ескерткішіне 100-ге жуық адам келіп, тазалық акциясына дем берді.

– Музыкалық жас көрермендер театрынан 20 әріптесіммен бірге келіп, қазақ ғылымының негізін қалаушы Қаныш Сәтбаевтың ескерткішін жуу және маңын тазалау жұмыстарына атсалыстық. Тарихи орындарды құрметтеудің бір көрінісі таза ұстаудан

қалаулылары да тазалық жұмысына дем берді.

– Депутаттар халықпен бірге игіліктің істердің ортасында жүруі керек. Әріптестеріммен бірге «Киелі мекен» апталығына арнайы келдік. Биыл 125 жылдық мерейтойы аталып өтетін Қаныш Сәтбаев ұлттық ғылымның негізін қалап, дамуына күш салды. Қаламызда тарихи тұлғаға лайықты ескерткіштің бой көтергені – құптарлық жайт. Енді ескерткішті өз қалпында сақтау үшін тұрақты тазалау жұмыстарын атқарып, жастардың бойына академиктің таным-тағалымын сіңіру маңызды, – деді Астана қаласы мәслихатының депутаты Нұрлан Өтешев.

Одан бөлек, №6 мамандандырылған өрт сөндіру бекетінің аумағында ерлікпен қаза тапқан астаналық өрт сөндіруші Асқар Забикулин ескерткіші маңында қала тұрғындары тазалау жұмыстарын жүргізді.

Мәдениет басқармасының өкілі Салтанат Мұқсимова ескерткіштерді жуу және тазалауды мамандандырылған мекемелер арнайы техникамен келіп жүргізеді деді. Әзірге апталық аясында тазалау, жинау жұмыстарына мән берілуде.

көрінеді. Мұндай игілікті іске жастарды да тарту маңызды. Іс-шараға волонтерлер мен сарбаздардың қатысқаны қуантты, – деді театр директоры Асхат Маемиров.

Жастар жүрген жер энергияға толы болмай ма?! Әсіресе жас сарбаздар Сәтбаев ескерткішін бой жеткен жеріне дейін жуып, жасыл желекті тырмалап, іске серпін берді. Халық



## ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖАЛҒАСУДА

Елордалық спортшылардың, Дене шынықтыру және спорт басқармасының, ведомстволық бағынысты ұйымдар қызметкерлерінің күшімен тағы 8 тонна гуманитарлық көмек жиналып, Қостанай облысына жіберілді.



Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит әріптестеріне қазіргі қиын жағдайда көмек көрсеткені үшін алғысын білдірді.

Сондай-ақ астаналық спортшылар Илья Ильин, Василий Тахтаев, Сергей

Цырульников, Абзал Ажғалиев, Мерей Ақшалов, Айтым Жақыпов және каратэ федерациясының, гимнастика федерациясының өкілдері су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсетуде. Бұған дейін Аманат

партиясының Астана қалалық филиалының күшімен, «Жастар рухы» жастар қанатымен, «Астана жастары» ЖРО еріктілерімен бірлесіп, қала әкімдігінің, қалалық мәслихат депутаттарының, қоғам қайраткерлерінің, үкіметтік емес ұйымдардың, шағын, орта және ірі бизнес иелерінің қолдауымен гуманитарлық көмек жиналып, өңірлерге жолданды.

Сонымен қатар елордалық Қазақстан халқы ассамблеясы Достық үйінің базасында су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің тұрғындары үшін гуманитарлық көмек жинау бойынша әлеуметтік акция ұйымдастырды. Көмек Ақмола және Қарағанды облыстарының тұрғындарына жеткізілді. Зардап шеккендерге киім, тамақ, гигиена құралдары, төсек-орын, ыдыс-аяқ және дәрі-дәрмек жиналды.

Естеріңізге сала кетейік, елордада гуманитарлық көмекті қабылдайтын 9 пункт жұмыс істейді, жыныға 30-ға жуық еріктілер ұйымы қатысады. Күн сайын 200-ден астам ерікті қажетті заттарды сұрыптап жібереді. Жиналған көмектің ішінде киім, азық-түлік, гигиена құралдары мен аяқ киім – басты қажетті заттар. Еріктілер қаржылай көмекті қабылдамайды. Ниет білдірушілер жинау орындарына қажетті заттарды жинап, әкеле алады.

## ЕЛОРДАДА СУ БАСУ ҚАУПІ ЖОҚ

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті елорда аумағынан өтетін Есіл өзенінің ен бойын бақылауда ұстап отыр.

Мамандардың мәліметі бойынша Есіл өзенінің өлшеу стансаларында судың орташа деңгейі 615 сантиметрді құраған.

«Бұл көрсеткіш су қоймасының жағалау бөлігіндегі су деңгейінің шамалы

көтерілгенін білдіреді, су деңгейінің аздал көтерілуі температуралық фонның жоғарылауымен, су тасқыны кезеңінің басталуымен және мұздың ерігінен байланысты» деп жазылды Астана қаласы ТЖД баспасөз хабарламасында.

Бүгінгі таңда Есіл өзенінің арнасында еріген қар мен мұздың азаюы байқалады.

«Осыған байланысты жақын арада бұл су қоймасындағы су деңгейі төмендейді. Астанада су тасқыны жағдайы тұрақты, елордада тұрғын үйлер мен басқа да нысандарды су басып кету қаупі жоқ» деп мәлім етті ведомство өкілдері.

Астанадағы iKomek109 орталығына жыл басынан бері 800 мыңнан астам өтініш түскен. Олардың 80 пайызы бірден шешілген. Жалпы орталыққа қандай мәселелер бойынша хабарласуға болады? Әр өтініш қанша уақытта шешіліп, азаматтарға жауап беріледі? Бұл сұрақтарға iKomek109 бірыңғай байланыс орталығының басшысы Асқар Тақсымов жауап берді.

## İKOMEK109: ТӘУЛІГІНЕ 7 000 ӨТІНІШ ТҮСЕДІ



Елордадағы жедел әрекет ету орталығы 2018 жылдан бастап жұмыс істейді. Мұнда орталық қызметкерлері тәулік бойы азаматтардың қоңырауына жауап береді.

– Астанада орналасқан орталықта 100-ден астам оператор жұмыс істейді. Әр ауысымда 45 адам қызмет етеді. Ал түнгі уақытта желіге 10-13 оператор шығады. Олар тәулік бойы белгіленген кесте бойынша жұмыс атқарады, – деді Асқар Тақсымов.

Оның айтуынша, бірыңғай байланыс орталығына келіп түскен шағымды операторлар жүйеге тіркейді. Егер шағымға бірден жауап берілсе, ол жабылады. Ал арнайы мамандар қарауы қажет болса, онда тиісті мекемеге жіберіледі. Әдетте өтінішті қарастыру мерзімі – 7 күн. iKomek109 өтініш берушіден өтінім алған сәттен бастап, оның орындалуына берілуін, регламенттелген мерзім ішінде сапалы орындалуын толықтай қадағалап, өтініш берушіге есеп береді. Орталыққа келіп түскен шағымдардың шамамен 83 пайызы бірден шешіледі. Ал қалған 17 пайызы бірыңғай жүйеге тіркеліп, тиісті мекемеге жіберіледі.

– Елорда тұрғындары мен қала қонақтары бірыңғай байланыс орталығына хабарласып, 1700-ден астам мекеменің қызметіне қатысты

3 мыңға жуық сұрақтың жауабын ала алады. Мысалы, жыл бастағалы денсаулық сақтау саласы, қоғамдық көлік, қаланы сумен, жарықпен қамтамасыз ету, кәріз жүйесінің жұмысы және жол инфрақұрылымы мәселелері өзекті сұрақтар қатарында болды. Ал мезгілге қарай қыста қаланы қардан тазалау, су басу, жазда жасыл желектерді суару мәселелері өзекті болып тұр. Тіпті азаматтар ашық жатқан құдықтарды суретке түсіріп, нақты орнын көрсетіп, өтініш қалдырса болады. Адам өміріне қауіп төндіретін осындай мәселелер шұғыл түрде жауапты мекемеге жіберіледі әрі қарастырылады, – деді орталық басшысы. Орталық ашыған күннен бастап 12 млн-нан астам өтініш түскен.

– Мұнда тәулігіне орташа есеппен 7000 өтініш түседі. Күн сайын әр оператор шамамен 100-120 қоңырау қабылдайды. Бүгінгі таңда iKomek109 бірыңғай байланыс орталығына өтініш берудің 7 тәсілі бар: «109» қысқа нөмірі, мобильді және қалалық нөмірлерден қоңырау шалу тегін; iKomek109 мобильді қосымшасы; Telegram-бот; қалалық әкімдіктің astana.gov.kz сайты; Facebook парақшасы; 109@ikomekastana.kz және Instagram парақшасы, – деді орталық басшысы.

## ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ҚАРҚЫН АЛАДЫ

Бас қалада нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық штабтың отырысы өтті. Күн тәртібінде екі негізгі мәселе қаралды.



Бүгінгі таңда Астана қаласы бойынша есірткіге тәуелділігі бар 984 адам есепте тұр. 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 9,8 пайызға төмендеуі байқалады. Алайда нашақорлық әрқашан халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіреді. Онымен күресудің ең тиімді жолы – халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау және алдын алу.

Мемлекеттік органдардың өкілдері 2024 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша «Астана – есірткісіз қала» кешенді жоспарын орындау жөніндегі шаралар туралы баяндады. Әріптестер проблемалық мәселелер мен оларды шешу жол-

дарын да қарастырды. Кеңес барысында қатысушылар Дүниежүзілік нашақорлыққа қарсы күрес күніне орайластырылған және 26 мамыр-26 маусым аралығында өтетін алдағы айлықтың жоспарларын талқылады.

Айлықтың басты міндеті – қоғамды біріктіру және есірткіге қарсы іс-шаралардың тұтас кешенін іске асыру. Олардың барлығы салауатты өмір салтын насихаттауға, халықтың наркологиялық сауатын арттыруға және балалар, жасөспірімдер мен жастардың денсаулығын сақтау үшін алдын алу жұмыстарына қатысудың маңызын түсінуге бағытталатын болады.



**Биыл Қазақстан Республикасының өкілді органы – мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толып отыр. Алғашқы мәслихат депутаттарын сайлау 1994 жылы өтті. Содан бері өкілді орган әр өңірдің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуына орасан үлес қосып келеді. Астана қаласы мәслихатының жұмысы елордамыздың көшіп келу тұсында ерекше маңызға ие болды.**



## ИГІЛІКТІ ІСТЕР ҰЙЫТҚЫСЫ

Сауда саласында халықты алдау не алаяқтық сынды күрмеуі шешілмеген мәселелер бар. Оған қатысты сұрақтардың шешімін тауып, нүктесін қоюда Астана қаласы «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін ТОМПИЕВ ұзақ жыл бойы аянбай еңбек етіп, қоғамның құқықтық сауатының артуына ауқымды үлес қосты. Бірлестік бастауымен 30 жылда 100 мыңнан астам азаматқа көмек көрсетіліп, жалпы сомасы 1 млрд теңге көлеміндегі қаржы астаналық тұтынушыларға қайтарылды. Соның ішінде білікті басшының да сіңірген еңбегі орасан. Білімді әрі тәжірибелі маман, еңбек ардагері биыл 70 жасқа толып отыр.

**Индира  
БЕРЖАНОВА**

**Б**іздің кейіпкеріміз – ел игілігі жолында еңбек етіп, жұрт сүйсінер игі істер тындырса да, азаматының алдына шықпай, менмендік танытып, кеуде қақпайтын қайраткер. Ол – уақытпен санаспай денсаулық күзетінде жүріп, дертіне шипа іздеп келген науқастарды ауруынан айықтырып, халықтың алғысын арқалап келе жатқан мәртебелі мамандық иесі. Денсаулық сақтау саласында жылдар бойы қызмет атқарып, адал еңбегімен абырой биігінен көрінген жан. Еркін Қалиұлы – 48 жылдан астам уақытқа созылған қызметтік жолында түрлі салада жұмыс істеген еңбек ері. Денсаулық сақтау саласының үздігі және білім беру ісінің құрметті қызметкері, жоғары санатты дәрігер, проскопия ғылымдарының академигі, медицина ғылымдарының кандидаты. Денсаулық сақтауды реформалауға, қалада алғашқы медициналық-санитарлық көмекті қалыптастыруға көп еңбек сіңірді.

1993 жылдан 1998 жылға дейін Балқаш тау-кен металлургия комбинатының медицина-санитария бөлімінің бас дәрігері болып жұмыс істеді. Кейін 1998 жылы Астанаға көшіп

келіп, қалалық Денсаулық сақтау басқармасында қызметін жалғастырды. 1999 жылдан 2009 жылға дейін Астана қаласындағы «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» орталығының бірінші директоры қызметін атқарды. «1999-2005 жылдар аралығында Астана қаласы тұрғындарының денсаулығы» және «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» бағдарламаларын құруға белсенді қатысты. 2008-2009 жылдары Астана қаласында «Халық денсаулығы және



Игілікті істердің ұйытқысы болып жүрген Еркін Қалиұлының өмір жолы – көпке үлгі, оның жастарға айтары да жоқ емес

денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексті әзірлеуде Денсаулық сақтау министрлігі жұмыс тобының мүшесі болды. Денсаулық сақтау саласының маңызды бағдарламаларын білім беру ұйымдарында енгізуге тырысты. Нәтижесінде Дуниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер», жоғары оқу орындарында «Салауатты университет-

тер», «Темекіні таста және денсаулықты нығайт!» жобалары пайда болды. Сөз барысында бірінші байлық – денсаулыққа әркім жасынан ерекше қамқорлық танытса, салауатты өмір салтын ұстанса деген тілегін жеткізді.

Астаналық мектептердің бастауыш сыныптарында алғаш рет «Денсаулық» сабағын енгізді. Мектеп бағдарламасы үшін қазақ тіліндегі «Аурулардың алдын алу және денсаулық сақтауды нығайтудың мұралары» оқулығын, жалпы салауатты өмір салтын насихаттауда ғылыми еңбектерді, сондай-ақ мектеп оқушылары мен студенттерге арналған нашакорлыққа қарсы бағытталған журналдар мен мақалаларды шығарды. «Астана – денсаулық қаласы» кітабы, «Бәйтерек жапырақтары» еңбегі, «Медицина тарихы: халық медицинасының қалыптасуы» әдістемелік оқулығының авторы. Жалпы саны 47 еңбек, аурудың алдын алу бойынша 2 практикалық ұсыным және 8 брошюра жарияланды.

Еркін Томпиев Ауғанстан жерінде интернационалдық борышын өтеп, отандық ішкі пен патриотизмнің ерен үлгісін көрсеткен батырлардың арасынан да табылды. Елге оралған соң, 2008 жылы Қорғаныс министрлігінің басқарушы құрамында Қырғызстанда өткен халықаралық әскери оқу-жаттығуға қатысып,

Қорғаныс министрлігінің бөлімдері мен мекемелерінде әскери-медицина бөлімшесін ұйымдастырды. Қызметін тұтас қоғам игілігіне арнаған ол 1999-2004 жылдары Астана қаласы мәслихатының депутаты болып сайланды.

Көп жылғы өлшеусіз еңбегі ескерусіз қалмады. КСРО және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен, «Ерен еңбегі үшін» және «Еңбек ардагері», басқа да мерейтойлық медальдармен, Қазақстан Республикасы Президентінің, Астана қаласы әкімдігінің, Денсаулық сақтау, Білім, Төтенше жағдайлар, Сауда және интеграция министрлігінің, мемлекеттік органдар және бұқаралық ақпарат құралдарының алғыс хатымен марапатталды. Одан бөлек, сіңірген еңбегі үшін Қытай, АҚШ және Түркия мемлекеттері тарапынан да құрметке бөленді.

Бүгінде Еркін Қалиұлы – «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Былтыр аталмыш мекемеге 30 жыл толды. Тұтынушылардың қажетін қанағаттандыру – қоғамдық бірлестіктің негізгі міндеті. Өмірлік миссиясы ретінде адам құқығын қорғауды көздеп, бұл жолда басшылық және ұйымдастырушылық қасиетімен көзге түскен. Халықпен қарым-қатынас құрып, бірлесе жұмыс істеу, азаматтардың өтінішін қарап, оларды орындауға атсалысу – еңбек ардагерінің ұстанатын басты бағыты. Тұтынушылардың құқығын қорғап қана қоймай, ол Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға да жиі көмек көрсетеді. Кейіпкеріміз әңгіме барысында тұтынушылардың заң аясында бекітілген міндеттерін қорғауға мүдделі еместігінен әрі құқықтық сауатының таяз болуынан мәселелер орын алатынын жеткізді. Елімізде тұтынушының құқығы заңмен қорғалғанын ұмытпағанымыз жөн. Бұл заң жобасында қазақстандықтар тұтынушының құқығы бұзылғаны туралы арыз-шағыммен тікелей сотқа жүгіне алатынын білген абзал.

Игілікті істердің ұйытқысы болып жүрген Еркін Қалиұлының өмір жолы – көпке үлгі, оның жастарға айтары да жоқ емес.

Бүгінде қызы Салтанат пен ұлы Нұрсұлтанды тәрбиелеп, немересі Лаисаның қызығына бөленуде. Балалары – азаматтық авиация саласының мамандары. Жүрегі кең өке, немересіне үлгілі ата ешбір адамның ала жібін аттамауға, кісінің жолын кеспеге, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетуге, ұрлық-зорлыққа жоламауға, өтірік-өсектен аулақ болып, көпке адал қызмет етуге тәрбиелеумен келеді. Адам ұрпағымен мың жасайды. Ендеше ғұмырларын қоғам игілігіне арнаған отбасының бақытқа бөлене беруіне тілекшіміз.

## САЙЛАУШЫЛАР ТІЛЕГІ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ

Азаматтық қоғам – мемлекеттің қозғаушы күші. Озық елдердің тәжірибесінен осыны көруге болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық қоғамды дамыту тетігінің бірі – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы азаматтардың шешім қабылдау үрдісі мен маңызды мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысуына мүмкіндік береді деді. Бұл атқарушы билік пен халық арасындағы қарым-қатынасты арттырып, мәселелердің уақытылы әрі сапалы шешілуіне әсер етеді.

Астана қаласында №8 сайлау округінен сайланған депутат ретінде қала тұрғындарының ұсыныс-талабын орындауға басымдық беріп келемін. 2023 жылдан бастап округ аумағындағы мекемелер мен тұрғын үйлерді аралап, жеке қабылдауымда 75 азаматпен пікір алмастым. Тұрғындар денсаулық сақтау, жол сапасын арттыру, аулаларды жүйелі абаттандыру және тағы басқасы туралы айтады.

Байқоңыр ауданы әкімдігі ұйымдастырған ашық есік күні аясында өткен кездесулерде 65 тұрғынмен пікірлесіп, негізгі мәселелерін білдім. Ал Аманат партиясының қоғамдық қабылдауында 25 адамды қабылдадым. Оның 22-сі оң шешімін тапса, 3-еуі бойынша жұмыс істеудемін.

Әлеуметтік желіде және электронды мекенжайыма түсетін шағымдар да аз емес. Шағымдар мен ұсыныстар әрқашан болу керек, ал менің атыма түскен өтініштер бойынша 25-тен аса депутат сауалы жіберілді. Әр сауал бекітіліп, жауапқа ие болады.

Сайлаушылар ұсынысының нақты орындалғанына тоқталсам, №31 мектеп жанында Кенесары даңғылы бойында аялдама орнатылды. Бұл жерде №9 автобус қатынайды.

Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия аумағына қоршау орнатуды ата-аналар мен ұстаздар өтініш етті. Бұл мәселе оқушылардың қауіпсіздігі үшін маңызды. Сондықтан мән беріп, атқарушы билікпен бірге шештік.

Мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшенов атындағы көше – елорданың негізгі күре тамырының бірі. Сол және оң жағалауға қатынайтын көліктер көшемен



Қала тұрғындарына демалыс орындары – сквер, бульвар, саябақтар мен аулалар жайлылық, ыңғайлылық сыйлады. №8 сайлау округі аумағында 239 аула бар, оның 180-і абаттанған. Кезең-кезеңімен «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында өзге аулаларды абаттандыру жұмысы жүргізіле береді

көп жүреді. Ал таза ауаны қамтамасыз етуде және тұрғындардың демалуы үшін бақшаға сұраныс жоғары. Осы көшенің 9/2 мекенжайында бақша бар.

Сондай-ақ «Фортуна» тұрғын алабында балаларға арналған ойын алаңы жөнге келтіріліп, №1 «Бәйтерек» балабақшасының автотұрақ мәселесі шешілді. Ғұмар Қараш көшесі,

76 мекенжайы бойынша ескірген құрылыс нысаны оң шешімін тапты.

Биыл №27 мектеп-лицейдің 600 орындық қосымша нысанын аяқтау жоспарлануда. Құрылыс жұмыстары ұдайы бақылауымда.

Қала тұрғындарына демалыс орындары – сквер, бульвар, саябақтар мен аулалар жайлылық, ыңғайлылық сыйлады. №8 сайлау округі аумағында 239 аула бар, оның 180-і абаттанған. Кезең-кезеңімен «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында өзге аулаларды абаттандыру жұмысы жүргізіле береді.

Әрине, халықтың сапалы өмір сүру салтына деген сұранысы артқан сайын жаңа бастамалар алдымыздан шыға береді. Өмір заңы – осылай. Депутат ретінде жергілікті атқарушы билікпен бірлесе мәселелердің оң шешілуіне үлес қосып, халық қызметшісі болып жүруді мұрат етеміз. Өйткені халық тілегі – қапысыз тілек.

**Қанат ЕСТЕК,  
Астана қаласы  
мәслихатының  
депутаты**





№46 (4634) 18/04/2024 Бейсенбі

Астананың ажары әсем де сәнді ғимараттарымен және сәулетті бейнесімен ғана өлшенбесе керек. Ол айналаның тазалығына да тікелей байланысты. Ал бас қала көшелерін мұнтаздай жарқыратуға мейлінше үлес қосып келе жатқан мекеменің бірі – «Астана-Тазалық» ЖШС. Жылдың төрт мезгілінде де уақытпен санаспай, тынымсыз еңбек үлгісін танытып жүрген мұндағылардың жұмысымен жақынырақ танысу ниетімен кәсіпорынның Ақжол көшесі, 49 мекенжайында орналасқан екі қабатты ғимаратына ат басын бұрдық.

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

«Астана-Тазалық» ЖШС өндіріс-техника бөлімінің жетекшісі Ержан Айтмаханұлы бізді жылы шыраймен қарсы алды. Айтуынша, қаланы күнделікті тазалаумен айналысатын кәсіпорынның жұмыс күні таңғы сағат 6-дан басталады екен.

– Мекеменің жол жұмысшылары осы кезде өздеріне бекітілген учаскелерді тазалауға кіріседі. Содан демалыс жоқ. Ауысыммен бірін-бірі алмастырып, жұмыс тоқтаусыз жалғаса береді, – деп бастады әңгімесін бөлім жетекшісі. – Бүгінгі таңда біздің мекемеде механикаланған, яғни техниканы жұмылдырып көшелерді тазалау, қарды қолмен жинау, кәріз жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және нөсер суының алдын алу бағытында жұмыстар жүзеге асып келеді. Жалпы «Астана-Тазалық» ЖШС қаланың 300-ден астам көшесін немесе жиналатын алаңдардың жалпы көлемінің 42 пайыз аумағына, яғни 14980042 шаршы метр алаңды жуып-тазалайды. Олардың басым бөлігі, нақтырақ айтсақ, 70 пайыз магистралдық көшелерден тұрады. Бұл жұмыстарға күн сайын кәсіпорыннан 361 жеке техника мен 391 жол жұмысшысы жұмылдырылады.

#### ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ДЕНІ – АУЫЛДЫҚТАР

Қыс бойы қар тазалап, мұз оюмен айналысатын кәсіпорынның жол жұмысшылары жылдың жылы мезгілдерінде де қарап отырмайды. Елорданың ерекше таза болуына, көшелері мен аулаларының қысы-жазы айнадай жарқырап тұруына атсалысып келеді. Бүгінде бас қаланың Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарыарқа аудандарында аумақты қысқы кезеңнен кейінгі тазарту және абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, игі іске жүздеген коммуналдық қызмет



## ЖОЛ ЖҰМЫСЫ ТӘУЛІК БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ



мамандары мен арнайы техникалар жұмылдырылууда.

Есіл ауданындағы Бәйтерек учаскесіне келгенімізде, бұл жерде жұмыс қызып жатты. Учаске шебері Айкерім Жолдасқызын әңгімеге тариттым.

Алғашында бұл мекемеге жай жол жұмысшы болып орналасқан ол – бүгінде осы саладағы жұмыстардың қыр-сырын жақсы меңгеріп алған білікті маман. Қарамағында 20 шақты жұмысшысы бар екен. Айтуынша, аудан аумағында екі учаске бар: оның бірі – ЭКСПО, екіншісі – өзі шеберлік ететін Бәйтерек учаскесі. Олар Қабанбай бағыр даңғылынан бастап М-3 көпірі, III.Қалдаяқов көшесіне дейін, Ақмешіт, Түркістан, Сауран көшелерін, Сығанақтан бастап Орынбор көшесіне дейін тазалаумен айналысады.

Жол жұмысшылары екі ауысыммен жұмыс істейді. Бірінші ауысым таңғы 6-дан 3-ке дейін жұмыс істесе, одан кейін келесі ауысым қызметке кіріседі. Кешкі бригада тағы бар. Қысқасы, жол жұмысшылары тәулік бойы тыным таппайды.

Көшеге шығып жұмыс істемес бұрын алдымен кеңседе жиналып, техника қауіпсіздігі бойынша өткен кеңестен кейін журналға қол қойып, әркім өзіне бекітілген учаскеге жұмыс істеуге аттанады. Мәселен, бүгін екі жұмысшы контейнердің маңын тазалауға жіберілсе, екі адам арнайы техниканың көмегімен көшені сыпыруға және төрт жұмысшы қолына пакеттері мен қысқышын алып күл-қоқыс жинауға шығады.

– Астана – үлкен қала. Қанша жинап, тазалап жатсақ та, кейде таңертең жинап кеткен

рының қалдығын да жол бойына тастайтындар көптеп кездеседі. Тіпті келе жатып, қолындағы заттарын бізге қарай лақтыра салатындарды да көріп жүрміз. «Неге олай істейсің? Алдында қоқыс жәшігі тұр ғой» десең, «Бұл – сенің жұмысың, сен жинай сал» деп өз жөніне кете баратындар жоқ емес. Ондайларды көргенде, әрине, қынжыласың. Жалпы тұрғындарға айтарым: қала тазалығына көңіл бөліп, қарапайым адамдардың еңбегін бағаласаңыздар екен, – деді Айкерім Шелимбетова.

Жасы 50-ге жақындаған Гүлнәр Құсайынова болса Қарағанды облысының Нұра ауданына қарасты Байтуған ауылынан. Бұған дейін аспаз болып жұмыс істеген ол жолдасының денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыздығын, шиегтей үш баланы асырау үшін 120 шақырым жерді артқа қалдырып, күн сайын Астанаға қатынап жұмыс істеуге мәжбүр екенін жасырмады.

– Ауылымызда жұмыс та, жалақы да жоқ. Бұл жерде ай сайын уақытылы еңбекақымызды алып тұрамыз. Мереке күндері сыйақы



жеріміз түстен кейін шашылып жататын кездер болады. Ондайда ренжімей, қабақ шытпай, екінші ауысымның жұмысшылары қайта жинайды. Адамдар да әртүрлі. Кейде «Gorilla», «Coca-Cola» секілді сусынды ішеді де, бос құттыны қоқыс жәшігіне салмай, жерге тастап кетеді. Жеген тамақта-

Жол жұмысшыларының дені қала маңындағы ауылдардан келеді екен. 2012 жылдан бері осы мекемеде еңбек етіп жүрген 58 жастағы Қарлығаш Әлімбекова Малиновкадан қатынап жұмыс істесе, Ербол Қырғызбаев Романовка деген ауылдан келіп жұмыс істеп жүрген көрінеді.

Қалада тұратындар қоғамдық көліктерде тегін жүреді. Біз секілді сырттан қағынап жұмыс істейтіндерді арнайы автобуспен тасымалдау қарастырылған. Қыстың күндері тегін тамақпен қамтамасыз етті. Жұмыс оңай емес, әрине. Әсіресе аязды, боранды күндері ауыр. Бірақ көбіне қимылдап жұмыс істегеннен кейін бе, тоңа қоймаймыз. Тұрғындардың мәдениеті туралы айтсақ, бәрі де болады. Жұмысымыз болған соң ешкіммен қарсыласпаймыз, тазалық сақтауға тырысамыз. Жалпы қазір бұрынғыдай емес, адамдар айналасына ұқыппен қарауға дағдыланып келеді, – деді жұмысшы.

Олар сонау алыс ауылдардан ат арытып, Астанаға ерікпеннен келіп жүрген жоқ. Ауылда жұмыс болса, бала-шағасының қасында тып-тыныш отыра еді ғой. Тұратын елді мекендерінде не жұмыс, не жалақы болмаған соң, осылай еңбек етіп, нәпақа

тауып жүргендер жұмысына адал, елорданың өзге қалаларға үлгі болуы жолында аянбай тер төгуде.

#### ТЕХНИКА ТІЛІН МЕНҒЕРГЕНДЕР ТАПШЫ

Астанада көшелер мен ашық аумақтарды санитарлық тазарту жұмыстары күн сайын жалғасып жатыр. Бұл ретте Мемлекет басшысы да су тасқынына ұшырамаған облыстар мен қалалардың әкімдеріне көшелерді тазарту, көгалдандыру және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру жөнінде бірқатар тапсырма берген болатын. Соның аясында қаладағы көпірлер, түрлі белгілер, қоршаулар, ескерткіштер жуылып, гүлзарлар, саябақтар, қоғамдық кеңістіктер қоқыстардан тазартып, арнайы техниканың көмегімен тротуарлар мен жол жабындарын механикаландырылған тазалау жүргізіліп жатыр.

Бүгінде елорданың барлық 5 ауданында да жол жұмысшыларының тамақтануы мен түскі үзіліс кезінде сәл де болса тынығуы үшін барлық жағдай жасалған. Тек «Астана-Тазалық» ЖШС өндіріс-техника бөлімінің жетекшісі кәсіпорында техника тілін жетік меңгерген мамандардың жетіспейтінін атап өтті.

– Астананың тазалық мекемесіндегі жол жұмысшыларының басым бөлігі қалаға жақын маңдағы ауылдардан қатынап жұмыс істейді. Оларды тасымалдау тегін жүргізіледі. Дегенмен өздеріңіз білесіздер, бұл жұмысқа қалалықтар, әсіресе жастар жағы оңша көп келе қоймайды. Ал мұндағы жұмысшылардың орташа жасы – 40 пен 50-дің арасы, одан үлкендері де бар. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда кәсіпорында кадр жетіспеушілігі байқалады. Қазірдің өзінде 80-100 жол жұмысшы жетіспейді. Көлік жүргізушілермен де мәселе туындап отыр. Арнайы техникалар болғандықтан, оған кез келген жүргізушіні ала алмаймыз, бұл салаға арнайы білімі бар мамандар қажет. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда ондай білікті мамандар тапшы, – деді Ержан Айтмаханұлы.

Әсіресе қыста жұмыс көп. Арқаның аязы мен боранына қарамай, қаланың қарын күреп, елорданың тазалығын қамтамасыз ететін «Астана-Тазалық» ЖШС жұмысшыларымен бірге техника жүргізушілері де тыным таппайды. Осындай қалың қар жауған кезде қосымша 433 бірлікке дейін арнайы техника тартылады. Мұндай кезеңде қар тазалау күшейген режимде, екі ауысыммен жүргізіледі. Ауа райын болжау қызметі кәсіпорынға мәлімет жібереді. Мекеме соған сәйкес жұмысты реттеп отырады.

Бөлім жетекшісінің айтуынша, қазіргі кезде «Астана-Тазалық» ЖШС-те жалпы саны 2000-ға жуық адам жұмыс істейді. Күн сайын жалпы саны 315-330 жұмысшы қала тазалығымен айналысады. Биыл олардың жалақысы 20 пайызға көтерілді. Орташа есеппен олардың әрқайсысы 200-250 мың теңге шамасында еңбекақы алады. Барлық инвентармен, қысқы-жазғы киіммен, жұмыс істеуге қажетті құрал-жабдықтармен тегіс қамтамасыз етілген.

– Қазіргі таңда бұл салада шешімін күткен мәселелер баршылық. Мәселен, көшедегі қоқыс жәшіктеріне темекісін сөндірмей тастап кететіндер кездесіп қалады. Ол бұрынғыдай темір емес, пластик болғандықтан жанады. Тұрғындардың осыны ойламайтыны өкінішті. Сондай-ақ шағын, орта бизнес өкілдері мен қалада қарқынды жүргізіліп жатқан құрылыс алаңдарында күрделі мәселе көп. Олардың көбі әлі күнге дейін аумақтағы күл-қоқысты жинамай, «Астана-Тазалық» күтіп отырады. Негізі, ол табалдырықтан басталады, әр адам тазалықты өзінен бастауы керек. Өйткені тазалық – мәдениеттің басты белгісі. Сондықтан елордалықтарды айналамыздың айнадай болуына айрықша үлес қосуға шақырамын! – деді Ержан Айтмаханұлы.











# ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНЫҢ СӘУЛЕТКЕРІ

Л.С.Берг, С.Н.Бернштам, В.И.Вернадский, Н.Ф.Гамалея, Н.Д.Зеленский, Л.И.Мандельштам, А.С.Орлов және т.б. ғылыми-зерттеулер жүргізді. Алматыда 20-дан аса ғылыми-зерттеу институттары орналасты.

Ғылым академиясы 1942 жылы құрған Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның табиғи қорларын қорғаныс ісіне пайдаланумен шұғылданатын комиссияда одақтың ірі ғалымдары И.П.Бардин, В.А.Обручев, А.А.Скочинский, И.И.Мещанинов, А.Д.Шевяков, Э.В.Брицке, И.Ф.Григорьев тәрізді ұлағатты ғалымдар жұмыс істеді. Қ.И.Сәтбаев болса, бұл міндетті республикалық жоспарлау комитетінің ғылыми-техникалық кеңесінің төрағасының орынбасары қызметімен ұштастыра атқарды.

Қ.И.Сәтбаев өміріне шуақты қуаныштарды 1943 жыл әкелді. Соның ең көрнектісі – КСРО Ғылым академиясының жазда өткен кезекті сайлауы. Осы жиында геология-география бөлімшесі арқылы жасырын дауысқа түскен ғалым корреспондент-мүше болып сайланады.

Академик Ш.Шөкин өз естелігінде: «Қазақстан ғылым ордасын көтерерде Қаныш Имантайұлы 1944 жылдың екінші тоқсанынан бастап филиалды республикалық Ғылым академиясына айналдыру ісіне біржолата ден қойып, сол үшін пәрменді әзірліктер жүргізді. Алматыда уақытша тұрып жатқан белді ғалымдармен ақылдасып, солардың қоштауымен Қазақстан КП(б) Орталық комитеті мен Үкіметіне жаңадан 11 ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастыру туралы ұсыныс жолдады» дейді.

Қазақстан Үкіметінің төрағасы Н.Д.Оңдасынов: «Қаныш Имантайұлы 1942 жылы Орталық Ғылым академиясы Қазақ филиалының төрағасы болып тағайындалды. Әрі қарай мен Қаныш ісіне араласқан емеспін. Араласқаным, айтқаным, «қаражат жөнінен қам жеме, мен осы орында отырғанда ол жағынан таршылық көрмейсің» дегенім болды. Ол 1943 жылы КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, 1946 жылы толық мүшесі болып сайланды. Орта Азиядан Орталық Академияға мүше болған тұңғыш ғалым – Қ.Сәтбаев. Ол өзі де соған лайықты болатын. Өте жан-жақты, білімді, парасатты, ұйымдастырушылық қабілеті өте зор адам еді.

Соғыс жылдарында КСРО Ғылым академиясының президиумы Свердловскіде болғанымен, академиктердің көбі Қазақстанда – Бурабай мен Ал-



Қазақ КСР Ғылым академиясын құру барысында Мәскеу мен Ленинград және еліміздің басқа қалаларынан Қазақстанға уақытша қоныс аударған ғалымдар баға жетпес көмек көрсетті. Айталық, 1943 жылы КСРО Ғылым академиясының Президенті В.Л.Комаров бастаған бір топ ғалым Көкшетауға қоныстанды

Үкіметі Қазақ КСР Ғылым академиясын құру жөнінде шешім қабылдап, қаулы шығарды. Біздің де күткеніміз сол, бар күш-қайратты жұмсап, ақырында 1946 жылдың маусым айының бірінде Ғылым академиясын аштық. Қазақ ғылымы күмістей таза болсын деп, ырымдап күміс ақшаны таған қаққанда табанына тастадым. Ашылуында сөз сөйледім. Көптен көздеген ісім бітіп, елім үшін ойлаған бір арманым орындалды...» дейді ағынан ақтарылып Нұртас Оңдасынов өз естелігінде.

Бәрі рас, Республика Үкіметінің, оның ішінде жеке Нұртас Оңдасыновтың тапсырмасымен жеке Қазақ КСР Ғылым академиясын құруға орасан зор дайындық жұмысы жүргізілді. Мемлекеттік комиссия құрылып, оның төрағасы өзі, орынбасарлары: Николай Александрович Скворцов, Жұмабай Шаяхметов, Қаныш Сәтбаев бекітілді. Комиссия құрамы он сегіз адамнан тұрды. Бұл қазақ халқының ғылымы мен мәдениетінің биікке шырқап шыққандығын көрсететін үлкен саяси маңызы бар тарихи оқиға болды.

Дайындыққа байланысты Үкімет өткізген кеңестер мен шаралар және қаулылар Орталық мұрағаттың №1137 қорында сақтаулы және Ғылым академиясына байланысты құжаттар осы қорда жетерлік.

Қазақ КСР Ғылым академиясын құру барысында Мәскеу мен Ленинград және еліміздің басқа қалаларынан Қазақстанға уақытша қоныс аударған ғалымдар баға жетпес көмек көрсетті. Айталық, 1943 жылы КСРО Ғылым академиясының Президенті В.Л.Комаров бастаған бір топ ғалым Көкшетауға қоныстанды. Мақсат – Оралдың, Батыс Сібір мен Қазақстанның қорларын соғыс мүддесіне жұмылдыру. Сол үшін КСРО Ғылым академиясының комиссиясы құрылды. Оның құрамына еліміздің аса көрнекті ғалымдары – академиктер А.А.Байбеков, И.П.Бардин, К.А.Скочинский, В.А.Обручев, Л.Д.Шевяков, В.Н.Образцов, Э.В.Брицке, Д.Н.Прянишников, В.И.Вейц және қазақстандық ғалымдардың көшін бастаған Қаныш Сәтбаев енді. Олар көмір өнеркәсібі, түсті металлургия өндірісінің қуатын арттыру жолдарын белгіледі. Осы жолы Сәтбаев өзіне жаңа достар, әріптестер тапты, өзінің ғалымдық қабілетін, ұйымдастырушылық қасиетін танытты. Соғыстың жүріп жатқанына қарамастан 24 адам КСРО Ғылым академия-

сына докторантураға жіберілді. Соғыс аяғында бөлімшеде 900 маман он бес ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істесе, олардың алтауы КСРО Ғылым академиясының академиктері мен корреспондент-мүшелері, 70 ғылым докторы мен профессор, 200 ғылым кандидаты, 350 кіші ғылыми қызметкер болды. Бұл жерде ғылымның қамын жеп, жар құлағы жастыққа тимей жүрген, Үкімет басшысының мемлекеттік дәрежеде қолдау көрсетіп, «... мен тұрғанда қаражаттан қам жеме» деген уәдесін әдемі орындаған және соны ұқсатып әкеткен, ұтқыр ұйымдастырушы, ғұлама ғалым Қ.Сәтбаев еңбегін ерекше атаған жөн.

Бұдан кейінгі кезекте Ғылым академиясына жаңа, жақсы шаңырақ салуды Үкімет басшысы ойлады. Арнайы, атақты архитектор А.В.Щусевті өзі шақырды, сөйлесті пікір алысты. Айтқаны, архитектурасында ұлттық нақыш пен өрнектің орын алуы болды. Ол көпке созбай, Ғылым академиясының жоспар-жобасын жасап, Н.Оңдасыновтың алдына әкеліп қойды.

Ал Қ.Сәтбаев соғыс басталысымен, әуелі өнеркәсіпті стратегиялық шикізаттармен қамтамасыз ету үшін республикада жұмыс жүргізіп жатқан барлық геологиялық мекемелерді біріктіру керектігін Үкімет алдына мәселе етіп қойды. Мұндай шешім – Жезқазған, Жезді – Қорғасын, тағы басқа Қазақстан зауыттарының үздіксіз жұмыс істеп, соғысқа керек құрал-сайман, қару-жарақтың тез арада шығуын қамтамасыз етті.

Қаныш Сәтбаев Атасудың темірін, мысын, қорғасынның, Атбасардың мысын, Торғайдың бокситін жедел барлап игеру қажеттігін, қара металлургия индустриясын көтеру керектігін ұсынды. 1941 жылы Қ.Сәтбаев – Үкімет комиссиясының құрамында болып, Қазақстандағы қара металлургияның тұңғыш Теміртау комбинатын салуда алғаш айтқандардың бірі және соның құрылысына басынан аяғына дейін қатысқан ғалым.

Болатын қорыту үшін ең керекті заттың бірі – марганец. Кеңес Одағындағы марганец өндіретін жалғыз Никополь кешені жау қолында қалды. Мемлекет алдында маңызы зор проблема тұрды. Оны Қ.Сәтбаев шешті, марганецті Жездіден тапты. Бұл «Үлкен Жезқазғанның» өрлеуіне әкелді.

Нұртас Оңдасынов Үкімет басшысы қызметін атқарып жүрген уақытындағы осы оқиғаларға байланысты өз естелігінде: «Қиындық үстінде жақындасып, танысып, достасқаным қадірі айрықша болады екен. Соғыс кезінде Отанның қажеттерін өтеу жолында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бір мақсатта жұмыс істеген Кеңес Одағы Ғылым академиясы өзіміздің үйіміздей, оның Президенті Владимир Леонтьевич Комаров үлкенімізге аға, кішімізге ата болып кетті. Олар Мәскеуге қайтар кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақстан Үкіметінің атына ризалық алғыстарын айтып, шын сүйіспеншіліктерін білдірді».

1945 жылы 1 наурызда Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Д.Оңдасынов пен КСРО Ғылым академиясының академигі В.Л.Комаров екеуі Кеңес Одағы Ғылым академиясының қазақстандық филиалы негізінде Қазақ КСР Ғылым академиясын ашу туралы Г.М.Маленковтың атына хат жолдаған. Онда Қазақстан басқа республикалармен қатар соғысқа өзіндік үлес қосқаны және енді алдағы уақытта елдің зиялы қауымын топтастырып, әртүрлі салаларды дамыту үшін республикада Ғылым ордасын ашу қажеттігін атай келіп, мұнда 40-тан астам ғылым докторлары, 100-ден астам ғылым кандидаттары қызмет атқарып жүргендігін айтқан.

(Жалғасы бар)

**Қанат ЕҢСЕНОВ,**  
Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**Қ**аныш (Фабулғани) Имантайұлы Сәтбаев (12 сәуір, 1899 - 31 қаңтар, 1964) – қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженер-геолог.

Қазақстан геологтар ғылыми мектебінің негізін салушы және металлургия ғылымының негізін қалаушы. Қаныштың әкесі Имантай Сәтбайұлы (1845-1928) Омбы қаласындағы медреседе білім алған. Анасы Әлима Исақызы (1860-1904) Қаныш Имантайұлы бес жасқа келгенде қайтыс болған. Жас Қаныш Имантайдың бәйбішесі Нұрым Тасболатқызының тәрбиесінде өскен. Ол сауатын ауыл молдасынан ашқан. Кейінірек Қаныш Имантайұлы 1911-1914 жылдары Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білімін алған. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түскен. Онда Ж.Аймауытов пен М.Әуезов сияқты көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған.

1918 жылы семинарияны бітіргеннен кейін Семей педагогикалық курсында мұғалім, 1920-1921 жылы Баянауылда халық судьясы қызметін атқарды. 1921 жылы Баянауылға емделуге келген М.А.Усов жас Қаныш Имантайұлын қызықтырып, туған елінің қазба байлықтарын зерттеп, геолог болуға ынталандырады. Ол кейін 1921 жылы Томск қаласында Технология институтының тау-кен факультетіне оқуға түсті. 1926 жылы институтты бітірген соң Қазақ АКСР-і Халық шаруашылығы орталық кеңесінің ұйғаруымен Мәскеу қаласында «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімін басқаруға жібереді. Бұл треске Жезқазған мыс-кен орындарын, Байқоңыр көмірін зерттеу және Қарсақбай мыс зауытының құрылысын жүргізу жүктелген еді. Сондықтан, Қаныш Имантайұлы бұл істі қарқынды жүргізу мақсатында Қазақстанға қайтып оралған. 1929 жылы Қарсақбай мыс комбинатының геологиялық барлау бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалды. Көп ұзамай комбинаттың бас геологы болды. Осылай Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми-зерттеу жұмыстары жалғасқан. Оның көп жылдары Жезқазған жерінде өтті.

1941 жылы 18 қазанда Кеңес Одағы Ғылым академиясының қазақстандық филиалы төрағасының орынбасары Қ.И.Сәтбаев Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Д.Оңдасыновтың атына «Соғыс уақытында эвакуацияланған академиктердің республика үкіметінің шақыртуымен Алматы қаласына келетіндігі туралы» хат жазған. Онда 20 қазан күні Алматыға академиктер А.Н.Бах, Л.С.Штерн, А.А.Борисьяк, олардың ғылыми қызметкерлері Таусон мен Сенвям отбасыларымен 14 адам және Ғылым академиясы Қазақстан филиалы Төралқасының төрағасы КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ф.Г.Григорьев отбасымен 4 адам болып келетіндігін хабарлаған.

Қаныш Имантайұлы 1942-1946 жылдары КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасының төрағасы қызметін атқарған. Соғыс жылдарында ғылым саласындағы ынтымақтастық та аса жемісті болды. Соғыстың ең басында КСРО Ғылым академиясының Орал, Батыс Сібір және Қазақстан ресурстарын қорғаныс қажеттіліктеріне жұмылдыру жөніндегі комиссия құрылды. Құрамында В.Л.Комаров, А.А.Байков, И.П.Бардин, А.А.Скочинский, В.К.Обручев, Л.Д.Шевяков, В.Н.Образцов сияқты ірі ғалымдар енген комиссияның ғылыми ұсыныстары Қазақстанның әскери экономикасының даму негізін қалады.

Республикада соғыс жылдарында еліміздің ең ірі ғылыми күштері шоғырланды. Бурабайда академиктер В.М.Алексеев, А.Н.Бах,

матыда тұрақтады. Бірде арнайы сол академиктерге, ішінде В.Комаров бар, сәлем беруге бардым. Көзбен көру мен естудің арасында айырмашылықтың көп болатынын өмірдің өзі талай тосқан алдыма. Маған жеткен хабар бойынша, ғалымдардың жағдайы жақсы болатын. Жок, барсам, талай шаруа қордаланып, проблема көбейіп тұр екен. Бастысы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қолайлы жағдай жасадық. Ас-су, тұратын жерлерінің мұқтаждарын шештік.

Осыны базыналай тұрып, кетерде: «Қазақстанда ғылым докторлары мен өздеріңіздей академиктердің көбеюіне көмектессеңіздер және Қазақстаннан жеке ғылым ордасын ашсақ» деп айтқан екен Сәтбаев.

Соғыс жылдарында Қ.Сәтбаев басшылығымен Академия филиалында 15 ғылыми-зерттеу институты ашылды. Бұл жеке Ғылым академиясын ашуға басты тірек, негіз болды.

1945 жылдың қазан айында КСРО



Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

Депутаттар Кеңдебай Адамбек, Асқар Смағұлов, Маулен Самамбетов, Бауыржан Қасымбергераев және Бекзат Жолжақсынов бірінші №36 мектепте құрылған психологиялық кабинетке барды.

Елордалық әдістемелік орталықтың басшысы Сыздар Дауешованың сөзінше, оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз ету, инновациялық процестерді енгізу, білім беру ұйымдары педагогтарының біліктілігін арттыру және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру бағытында жұмыс істейміз. Соның шеңберінде өткен жылы қазан айында бес ауданда астаналықтарға тегін психологиялық-консультациялық көмек көрсететін кабинеттер құрылды. Ашылғалы психологтар 1171 жеке консультация өткізді. Оның 483-і – ата-аналар, 445-і – балалар, 243-і – педагогтар.

Депутаттар арнайы кабинетке тұрғындар қалай жазылатынын, психологиялық кеңесті ұйымдастырып жүргізетін уақытты, тәсілі, құралы туралы сұрады.

Тәжірибелі маман Майра Рүстемова қызмет ететін психологиялық орталықтың жұмысы жүйеленіп, келуші адамдар саны артып келеді.

– Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі және сәрсенбі күндері қала тұрғындарын қабылдаймыз. Сарыарқа ауданының тұрғындары онлайн және телефон арқылы жазылады. 1 наурыздан бері 67 адамға келді. Оның 34-і – ата-ана. Оларды не мазалайтынын біліп, емін-еркін әңгімелесіп, сұхбаттасамын. Сосын тығырықтан шығу жолы туралы психологиялық кеңес беремін, – деді психолог М.Рүстемова.

Қазір қоғамдағы отбасылық құндылықтардың әлсіреуі, жастардың бойында адамгершілік қасиеттердің жоғалуы, тәрбиенің төмендеуі, адамдар арасындағы рухани байланысты төмендетті. Нәтижесінде депрессия оңай түсетін балалар саны көбейді. Мұндай кезде оқушылардан бөлек, ата-аналар да психологтарға жүгінгені дұрыс.

Астана қаласының білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаевтің сөзінше, бір психолог 500 жасөспіріммен жұмыс істеп, олардың көңіл-күйін, арман-мақсатын, қызығушылығын біліп, жеке-жеке жұмыс істеуі керек. Алайда астаналық психологтардың жүктемі тым ауыр. Осыны ескерген шаһар басшысы Жеңіс Қасымбек тағы 200 психолог штатын қарастыруға жұмыс



## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КАБИНЕТТЕРГЕ СҰРАНЫС БАР

Суицид өткір мәселеге айналды. Әсіресе, жасөспірімдер арасында өзіне қол жұмсайтындар көбейді. Мәселен, 2024 жылдың 2 айында Астана қаласында кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың 26 оқиғасы тіркелді. Оның 3-інде жасөспірім өзіне қол жұмсады. Оның түрлі себеп-салдары бар. Елордада 365 мың оқушы білім алса, оларға 100-ден аса психолог қызмет етеді. Кейінгі кездері психологтардың жетіспеушілігінен суицидтің алдын алу қиын деген пікірді естіп жүрміз. Соған байланысты өткен жылы қазан айында Астананың бес ауданында психологиялық-консультациялық көмек көрсету кабинеті ашылған-ды. Қалалық мәслихат депутаттары осы орталықтардың жұмысымен танысты.

істеуде екен. Әкімнің жоспары шешімін тапса, онда әр мектепте 3-4 психологтан келетін болады.

– Уақыттың сұранысына сай психологтардың еңбегі бағалана бастады. Қазір елордада ақылы көмек көрсететін психологиялық орталықтар көбейді. Бір қабылдап, кеңес беруінің өзі – 25-30 мың теңге. Егер 1-2 айға жазылса, онда 200-400 мың теңге шығындауға тура келеді. Біздің кабинеттер психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша тегін консультациялық көмек көрсетеді. Әрі психологтарымыз үнемі білімін жетілдіріп отыратын тәжірибелі мамандар, – дейді Сыздар Дауешова.

Екінші психологиялық кабинет Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейде орналасқан



екен. Делегациямен бірге сонда бардық. Айгүл Баранбаева сүйемелдейтін кабинетке келетіндер көп екен. Ашылғалы 210 адамды қабылдапты. Оның жартысына жуығы ата-ана.

Мәслихат депутаты Бауыржан Қасымбергераев:

– Жасыратыны жоқ, суицид жағдайы жиі орын алатын болды. Оған түрлі жағдай әсер етеді. Сондықтан адамның жан дүниесіне ашып, сырласып, рухани күйзелісінің себебін анықтап, дұрыс кеңес беретін психологтардың жұмысына сұраныс артты. Жалпы психологиялық кеңес берудің тиімділігі оны ұйымдастырудың кеңістіктегі орны мен уақытына тікелей байланысты. Қажет болса, осы бағытта депутаттармен бірлесіп көмек берейік, – деді.

Депутаттың айтқан сөзі жөн. Психологиялық кабинет адамға ыңғайлы, жайлы, қолайлы болуы шарт. Сонда ғана психологтың жұмысы нәтижелі болады.

Біз 17 жылдық тәжірибесі бар психолог Айгүл Баранбаеваны әңгімеге тартып, психологиялық-педагогикалық кеңес берудің ерекшелігі, қалай іске асатыны туралы сұрадық.

“

Астана қаласының білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаевтің сөзінше, бір психолог 500 жасөспіріммен жұмыс істеп, олардың көңіл-күйін, арман-мақсатын, қызығушылығын біліп, жеке-жеке жұмыс істеуі керек. Алайда астаналық психологтардың жүктемі тым ауыр. Осыны ескерген шаһар басшысы Жеңіс Қасымбек тағы 200 психолог штатын қарастыруға жұмыс істеуде екен. Әкімнің жоспары шешімін тапса, онда әр мектепте 3-4 психологтан келетін болады



– Психологиялық кеңес қарастырылатын мәселе сипатына қарай отбасылық, психологиялық-педагогикалық, қызметтік және тағы басқа болып бөлінеді. Біз жүгінуді адамды тыңдау, әңгімелесу арқылы не мазалайтынын біліп, ғылыми қорытынды шығарып, тығырықтан шығу жолдарын бірлесіп қарастырып, нақты іс-әрекет істеуге кеңес береміз. Кейде бір адаммен 10 минуттан 2 сағатқа дейін сұхбат құрамыз. Тіпті бір адаммен 3-4 айға дейін пікірлес боламыз, – деді психолог.

2023 жылдың 12 айында Астана қаласында кәмелетке толмағандар арасында суицидтік әрекеттің 117 оқиғасы тіркелді. Бұл аз емес. Мұның негізгі себеп-салдары неден?

– Отбасындағы жанжал жасөспірімдердің психикасына теріс әсері көп. Достарымен жанжал салдарынан депрессия-

ға түсіп жатады. Ата-аналар арасында баласына шектен тыс талап қойып жатады. Әкесі мен ұлы немесе шешесі мен қызы арасында рухани байланыс болмағандықтан тақырыптарда сөйлесе алмайды. Мұндай балалар өзін қоғамға керексіз сезінеді. Отбасылық дәстүр, отбасылық құндылық болмағандықтан дастарқан басында жиналып, әңгіме айтып, ортақ мақсат белгілеу жағы кемшіл болады. Мұндай отбасында тәрбиеленген балалардың психологиясы әлсіз болады, – деді Айгүл Баранбаева.

Астана қаласы депутаты Аманжол Аманжолұлымен бірге Алматы, Есіл, Нұра ауданындағы психологиялық кабинеттерге барып, атқарылып жатқан жұмыстарды білдік. Онда Ербол Әбдіхамит, Айжамал Исабекова, Талжібек Сатымбекова, Элеонора Қошаналиева және Гүлмира Капанова жұмыс істейді.

P.S:

Қазір жасөспірімдердің суицидті мінез-құлқының алдын алу маңызды міндетке айналды. Психологтармен тілдесу басында суицидті алдын алуда отбасындағы мейірімділік оң әсер ететінін, балалардың түрлі ойындар, виртуалды анимация тұлғаның шектеу керектігін түсіндік. Жалпы психологиялық кеңес беретін кабинеттерге сұраныс артқанын білдік.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ

Астаналық педагогтар Алматы қаласында бастауыш сынып педагогтары арасында өткен «Әдістемелер» байқауының республикалық кезеңінде жеңімпаз атанды.

«Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасының әдістемелік компонентін жетілдіру және ұлттық мәдениет пен әдет-ғұрыпқа қызығушылықты қалыптастырып, үздік педагогикалық тәжірибелерді насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Бұл байқауға Астана, Алматы қалаларының жеңімпаздары қатысып, өз жұмыстарымен

таныстырды.

Байқауға ұсынылған жұмыстар «дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасына тақырыптық сәйкестігі, жаңашылдық және өзіндік ерекшелігі, методологиялығы, технологиялығы, тиімділігі бойынша бағаланды. Байқау нәтижесінде Астана қаласындағы Ш.Құдайберді атындағы №56 мектеп-лицейінің педагогы

Айдана Серікбаева бас жүлдені иеленді. Ал №44 Р.Қошқарбаев атындағы орта мектебінің педагогы Салтанат Жәкішева және №64 мектеп-лицейінің педагогы Кәмшат Тәжібаева ІІІ орын алды.

Одан бөлек, оқушылардың тамақтану мәдениетінің негіздерін қалыптастыру мақсатында «Салауатты тамақтану мектебі» жобасы аясында «Жас аспазшы-

лар» онлайн республикалық байқауы өтті. «Менің елімнің аспаздық дәстүрлері» мен «Бүкіл әлем бойынша аспаздық саяхат» атты екі кезеңнен тұратын байқауға Астана қаласы бойынша он бір педагог қатысып, жұмыстарын жолдады. Байқаудың нәтижесі бойынша Ж.Тәшенов атындағы №10 мектеп-гимназиясының Эльвира Өтешова мен М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының педагогы Аяулым Кемелова жеңімпаз деп танылды.





№46 (4634) 18/04/2024 Бейсенбі

## ДҮЙСЕНБІ

22 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран  
6:05 «Түркі әлемі». Деректі фильм  
6:30 «Күй-керуен»  
7:00 «TANSHOLPAN».  
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.  
12:20 «Бірегей»  
13:00 АҚПАРАТ  
13:10 «Дала дәмі»  
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир  
14:30 «Отандық бренд»  
14:45 «Ақорда»  
15:00 АҚПАРАТ  
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.  
16:05 «Құдаша қыз». Телехикая.  
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.  
20:00 АҚПАРАТ  
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».  
21:25 ТҰСАУКЕСЕРІ «ӘСКЕРИ АНТ».  
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.  
23:10 «1001 ТҮН».  
0:40 «Ашық алаң».  
1:30 «Сана»  
2:40 «Өмір көркем»



05:00 «ГОЛОГРАММА ДЛЯ КОРОЛЯ»  
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»  
10:00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»  
10:25 «МИШКИ-ОБНИМАШКИ»  
11:35 МУЛЬТСЕРИАЛ. «МЕГАМАТО»  
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»  
13:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН 2»  
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КҮЗГІ АСПАН»  
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ВИРАЖИ СУДЬБЫ»  
18:00 НОВОСТИ  
18:25 ТОК ШОУ. ИТОГИ  
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР  
19:25 ТОК ШОУ. ТАЛҚЫ  
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН 2»  
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «КҮЗГІ АСПАН»  
22:30 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ХАБАРЛІКЕ»  
23:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ВИРАЖИ СУДЬБЫ»

ASTANA TV

06:20 «Ене» үнді телехикаясы  
07:15 «Маша и медведь» Мультфильм  
09:00 «Осман 5» түрік телехикаясы  
10:00 «Үміт үйі» телесериал  
11:00 «Кеш келген махаббат»  
12:20 «Шаньян ханшайым» телехикаясы  
13:10 «Жалғыз жауаңды» телехикаясы  
15:00 «Склифосовский 4» телесериал  
17:00 «Предвзятое отношение» телесериал  
18:00 «Редкая группа крови» телесериал  
20:00 «Astanatimes»  
21:00 «Осман 5» түрік телехикаясы  
21:55 «Қорғашу ханы»  
23:30 «Шаньян ханшайым» телехикаясы  
00:20 «Үміт үйі» телесериал  
01:10 «Склифосовский 4» телесериал



6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы  
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10:15 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»  
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»  
11:55 Многосерийный фильм «СОБЛАЗН»  
14:00 «НОВОСТИ»  
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»  
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы  
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
19:00 «KOREMIZ» бағдарламасы  
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20:35 «ЛИХАЧ 3»  
0:25 «ТАКСИ ПОД ПРИКРЫТИЕМ»  
1:25 Ночной кинотеатр. «СИННИЕ НОЧИ»  
2:45 «KOREMIZ» бағдарламасы  
3:55 «П@УТИНА» бағдарламасы



7:05 «ӨНІМ СЕН ЕДІҢ» (қайталау)  
7:50 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы.  
10:35 «ПАРАД ЮМОРА», шоу-программа  
13:00 «КОРОЛЕВА ПРИ ИСПОЛНЕНИИ»,  
мелодрама (повтор)  
15:05 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ», өзбек  
телехикаясы.  
18:35 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ».  
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР  
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.  
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ  
21:40 «МАРУСЯ», мелодрама.  
23:40 «ПОРТ», остросюжетный детектив.  
2:10 «ПАРАД ЮМОРА» (повтор)  
3:40 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)  
4:25 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ»  
5:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 Әзіл студия  
07:00 Kypin ALL  
07:30 «31 әзіл»  
08:30 TikTok show  
09:00 Мультсериал «Маша и медведь»  
09:20 «На крючке» (повтор)  
12:00 «Ханзада Жумонг» телехикаясы  
15:10 Ризамын  
15:20 КИНО. Лям Хемсворт в  
фантастическом боевике «День  
независимости: Возрождение»  
18:00 КИНО. Жан Рено в боевике «Васаби»  
20:00 Информбюро (рус/каз)  
21:00 КИНО. Джейден Смит в  
фантастическом боевике «После  
нашей эры»  
23:00 «Ханзада Жумонг» телехикаясы  
01:40 «31 әзіл»  
02:00 Time Vine  
02:30 TikTok show  
03:00 What's up?  
03:30 Әзіл студия  
03:50 1001 ТҮН  
04:00 BALA BATTLE  
04:30 What's up?  
05:00 Ризамын



06:00 Т/п «Тойлік»  
06:45 Q-елі  
07:50 «Жұлдыздар шеруі»  
09:40 Т/с «Жена олигарха»  
10:10 Т/с «Брак по завещанию»  
12:10 Т/с «Балабол-6»  
14:30 Премьера! Т/х «Түпсана және  
жасыл наски»  
15:00 Т/х «Махаббат, қызық хикая»  
16:00 «Жұлдыздар шеруі»  
17:50 Т/х «Келінжан»  
19:30 Т/с «Балабол-6»  
21:30 Т/с «Брак по завещанию»  
23:40 Әзіл map  
01:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»  
02:00 Yzilis

HTK

07:00 «Разминка» (каз/рус)  
07:15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»  
07:35 «INSTA LIKE» (каз.)  
08:00 «Қызық Live» (каз.)  
08:40 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»  
09:30 «КУНГ-ФУ ПАНДА: УДИВИТЕЛЬНЫЕ  
ЛЕГЕНДЫ» (мультсериал)  
10:00 «ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ  
РАБОТЫ» (трэвел-шоу)  
11:00 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»  
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)  
16:00 Телехикая «Түнде атылған оқ» (каз.)  
17:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)  
17:35 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
17:50 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»  
19:30 ШОУ «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»  
20:30 «ОРЕЛ И РЕШКА. КИНО»  
22:20 «НЕ УГАСНЕТ НАДЕЖДА»  
(приключенческая драма, Роберт  
Рэдфорд)  
00:30 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
00:45 Телехикая «Түнде атылған оқ» (каз.)  
01:25 «Қызық Live» (каз.)  
02:05 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)  
03:30 «INSTA TV» (каз.)  
04:00 – 05:00 «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ

23 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран  
6:05 «Түркі әлемі». Деректі фильм  
7:00 «TANSHOLPAN».  
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.  
12:20 «Бірегей». Телехикая.  
13:00 АҚПАРАТ  
13:10 «Әскери ант». Телехикая (жалғасы)  
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир  
14:35 «Әлем және біз»  
15:00 АҚПАРАТ  
15:15 «ЕРЕН ЕРЛІК ТҮЛҒАСЫ».  
16:05 «Құдаша қыз». Телехикая.  
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.  
20:00 АҚПАРАТ  
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».  
